



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №27 (1894) 10 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Алтай әлемін зерттеу жалғаса береді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Алтай халықтарының жер-су атаулары» атты XI халықаралық симпозиумы өтті. Іс-шараны Алтай қауымдастығының академиясы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырды.



Жиынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. Ректор Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Ресей, Жапония, Венгрия, Польша, Тайвань және т.б. елдердің ғалымдарын жинаған ауқымды ғылыми шараның маңыздылығын атап өтті.

«Түркітөкес ғалымдар мен шетелдік зерттеушілер жылдар бойы Алтай әлемін зерттеп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. Бауырлас халықтар бір-бірін жақынырақ танып, түркі әлемін бірге зерттей бастады. «Халықаралық Алтай

қауымдастығы симпозиумы» атауымен дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан академиялық платформа жыл сайын тақырыптық кеңістігін кеңейтуде. Бүгінгі симпозиум Еуразия кеңістігіндегі түркі, моңғол, тұңғыс, манчжур, мажар, жапон, корей және басқа да халықтар

арасындағы тарихи-мәдени байланыстар туралы күрделі де қызықты ғылыми зерттеуге жаңа серпін береді деген сенімдеміз», – деді ректор. Симпозиум аясында алтаистиканың түрлі бағыттары бойынша секциялар жұмысы жоспарланған. Ғалымдар ежелгі заман-

нан бүгінгі күнге дейінгі жазбаша және ауызша жеткен дереккөздерді жан-жақты талдап, кеңінен зерттейді. Симпозиум қорытындысы бойынша қатысушылардың баяндамалары мен мақалаларынан арнайы жинақ дайындалады.

Света ӨМІРФАЛИЕВА



## Катар елшісімен кездесу сәтті өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы Катар мемлекетінің елшісі Абдулазиз бен Сұлтан Джасем Маджид Әл-Румейхимен кездесіп, әріптестік қатынастарды одан әрі арттыру бойынша пікір алмасты.

«Бүгінде ҚазҰУ Катардың екі жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан. Катар елінен ҚазҰУ-ға профессорлар арнайы келіп, дәріс оқыды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде университет ғалымдары 100 инновациялық жоба әзірлеп шықты. Оларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыс жүргізілуде. Біз білім мен ғылым саласында Катардың ЖОО-ларымен серіктестікті одан

әрі дамытуға дайынбыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Қазақстандағы Катар мемлекетінің елшісі Абдулазиз бен Сұлтан Джасем Маджид Әл-Румейхи университет ректорына алғысын білдіріп, Катар жоғары оқу орындарының қызметімен танысу үшін Жансейіт Түймебаевты Катарға жұмыс сапарымен шақырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

## ҚазҰУ-ға Қытайдан арнайы делегация келді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Сиань Цзяотун университетінің вице-президенті Шан Вэньхуа бастаған Қытай Халық Республикасынан делегация келді.



Оның құрамында «Жібек жолы» халықаралық және салыстырмалы құқық институтының Орталық Азия заң ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор София Ушурова, Материалтану және инженерия мектебінің партия хатшысы Гао Хонг, Әлеуметтік ғылымдарды зерттеу департаменті директорының орынбасары Чжан Рипин, Адам ресурстары департаменті директорының орынбасары Дуан Хэнцян, Халықаралық ынтымақтастық және алмасу департаментінің мүшесі Пей Жуи болды.

Қонақтарды Басқарма Төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қабылдап, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы мамырда ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында ҚазҰУ ынтымақтастығын тереңдетуге ықпал ететін құжаттарға қол қойылғанын атап өтті. ҚазҰУ ҚХР-дың 50 жоғары оқу орнымен және ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Кездесу соңында Қытай мен Орталық Азияның құқықтық зерттеулер орталығын құру және өзара тәсілсіздік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Сейсембай КӨРІМҰЛЫ:

Ойталқы клубына алыс және жақын шетел ғалымдарын да шақырамыз

4-бет



Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА:

Тәуелсіздік жылдарындағы «Qazaq universiteti»

5-бет



Жансая БЕРІКҚАЛИЕВА:

Оқу процесі мен үшін қызық

6-бет



# Түрколог ғалымдармен тұшымды әңгіме болды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Алтай халықтарының жер-су атаулары» атты XI халықаралық симпозиумына арнайы келген белгілі түрколог ғалымдармен кездесу өткізді.**

Делегация құрамында Алтай симпозиумдары комитетінің төрағасы, профессор Илхан Шахин, Түркия мәдениет және туризм министрінің кеңесшісі Әли Ихсан Чағлар, экология, урбанизация және климаттың өзгеруі министрінің кеңесшісі Тугрул Чамаш және Эгей университетінің өкілі Фикрет Туркмен бар.

Әңгіме барысында еліміздегі және әлемдегі түркітану саласының дамуы сөз болып, түркологияның өзекті мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға университет туралы ақпарат беріп, ҚазҰУ жетістіктерін айтып

өтті. Өз сөзінде университет басшысы түркологияның өзекті мәселелері бойынша ҚазҰУ ғалымдарының ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып келе жат-



қанын атап айтты. Бүгінде университетте Түркітану және тіл теориясы кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ оқу ордасының базасында Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді.

Өз кезегінде құрметті қонақтар қабылдағаны үшін университет ректорына ризашылықтарын білдірді. Ғалымдар ҚазҰУ-дың зор әлеуетін ерекше атап өтіп, өзара тиімді ынтымақтастыққа мүдделі екендіктерін жеткізді.

Айта кетейік, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Алтай халықтарының жер-су атаулары» атты XI халықаралық симпозиумы өткен болатын. Симпозиумның мақсаты – ежелгі заманнан бүгінге дейін жазбаша және ауызша жеткен дереккөздерді кеңінен зерттеу, тайпалардың, жер-су атауларының фонетикалық және морфологиялық өзгерістерінің себептерін талдау және ғалымдардың халықаралық ынтымақтастық траекториясын кеңейту.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика және заң факультеттерінің түлектеріне диплом табыстау рәсімі өтті.

## Түлектерге диплом табысталды



Салтанатты шарада университет басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, еңселі орданы бітіруші түлектерге жылы лебізін білдірді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті отаншыл, еңбекқор, адал әрі интеллектуал жастар легін тәрбиелеуді басты ұстаным етіп келеді. Биыл оқу орнын 8974 түлек бітірді. Оның 6758-і – бакалавр, 1774-і – магистр, 442-сі доктор дәрежесін алды. Бүгін заң факультетінің 328 түлегі, ал журналистика факультетінің 101 түлегі, 52 өнер ғылымдарының магистрі жас маман атанды. Бүгінгі бітіруші түлектеріміздің арасында үздік студенттеріміз көп. Сондай-ақ халықаралық, республикалық олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздары да бар. Дана халқымыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» деп

текке айтпаған. Сіздер қара шаңырақ қабырғасында білім алумен қатар, университетте өткізілген қаншама игілікті шаралардың бел ортасында жүріп, мол тәжірибе жинадыңыздар. Өздеріңізді игілікті қоғамдық бастамалардың ұйымдастырушысы ретінде қалыптастыра алдыңыздар. Тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі жолында атқаратын кәсіби ізденістеріңіз бен зерделі еңбектеріңізге жемісті жетістіктер тілеймін», – деді ректор.

Сөз соңында Жансейіт Қансейітұлы қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан түлектерге дипломдар табыстады.

Сондай-ақ шара барысында факультет декандары, арнайы шақырылған қонақтар сөз сөйлеп, түлектерге сәт-сапар тіледі.

**Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Баспасөз қызметкерлерінің еңбегі бағаланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ақпарат және коммуникациялар департаментінің қызметкерлеріне марапаттар мен сертификаттар табысталды.**

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев Баспасөз қызметін кәсіби мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Қазақстан Президентінің: «Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады. Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық диалог жүргізудің ашық алаңына айналып, мемлекет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға зор үлес қосып жүр», – деген сөзіне тоқталып, университет қызметін насихаттап жүрген журналистерге алғысын жеткізді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің Ақпарат және мониторинг секторының басшысы Гүл Баяндинаға, «Qazaq universiteti» газетінің бас мамандары Күләш Қадырбаева мен Қайыржан Төрежановқа тапсырды.

Ал ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлының «Алғыс хатымен» Ақпарат және мониторинг секторының бас сарапшысы Светлана Өмірғалиева марапатталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың «Алғыс хатына» Баспасөз қызметі басқармасының бас сарапшысы Гүлзат Табын, «Фараби медиа» басқармасының басшысы Бақыт Өмірбек, Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бас маманы Марат Жүнісбеков, «Фараби медиа» телестудиясының



бас сарапшысы, оператор-бейне-монтаждаушы Убайда Шертаев, «Фараби медиа» телестудиясының жетекші маманы, оператор Еркебұлан Нұрдәулет, «Фараби медиа» телестудиясының жетекші маманы, ЗД дизайнер Бақытнұр Әбдікәрім лайық деп табылды.

Сондай-ақ жиын барысында университет басшысы «Фараби университеті» сайтының бас дизайнері Заман Кетебаевқа, Ақпарат және коммуникациялар департаментінің бас маманы Еңлік Ақжігітке «Парасат» кәсіподағының ар-

найы сертификаттары табысталды.

Сондай-ақ қызметкерлерге "Алматы жастары" бағдарламасы бойынша тұрғын үй сертификаттары берілді.

**Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ**





## Ұлттық құрылтайдағы әр бастаманы қолдаймын

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің келешек дамуына тікелей ықпал ететін келелі мәселелер жөнінде ой қозғады. Маған Президенттің ұлт болашағы, ұрпақ тағдыры туралы айтқаны ерекше ұнады. Шынында да, біздің халықта дарынды қыз-жігіттер көп. Оларды қолдап, дұрыс бағыт-бағдар беру – ата-ана мен ұстаздардың борышы. Отансүйгіш, білімпаз, еңбекқор ұрпақ тәрбиелесек, біздің ел мен жеріміз сөзсіз көркейеді.

Әрине, ұрпақ тәрбиесі айтуға ғана жеңіл өте күрделі мәселе. Қазіргі жастар «қағаз кітап» оқымайтыны да ақиқат. Бәрі электронды нұсқаға әуес. Бұл денсаулыққа да зиян. Демек, оқу-білімге құлшынысты біз бала бойына ерте дарыту мәселесін қолға алғанымыз абзал. Мысалы, балабақшада балаларды кітапқа қызықтыру үшін түрлі іс-шаралар, байқаулар ұйымдастырылса құба-құп. Бұл үрдіс мектеп қабырғасында, одан кейін ЖОО-ларда жалғасын табатын болса, біз кітапқұмарлар легін тәрбиелеп өсіріп шығарамыз. Ал білімпаз адам қоғамды алға сүйреуші. Мұндай жастар жақсылыққа,

ізгілікке ұмтылады. Егер осының барлығын дер шағында қолға алсақ және онымыз науқан күйінде қалмай, ырғақты түрде орындалса, шын мәнінде интеллектуалды ұлт қалыптастыруға болады. Рас, «сананы тұрмыс билейтіні» өтірік емес, әйтсе де рухани құндылық қай заманда болсын өз биігінде қалады.

Мемлекет басшысының: «Мартин Лютер Кинг сияқты менің де көкейімде жүрген бір арман бар, бұл – тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу. Мен мұндай кітапхананы Анкарада көрдім. Оның оқырмандары әлемнің әр түкпірінде басылып шық-

қан көркем шығармаларды, арнаулы әдебиетті оқи алады. Мұндай кітапхананы елімізде де салуға болады деп ойлаймын», – дегені көңілге қонымды. Біздің ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасы қандай керемет, студенттердің білім алуына бар жағдай жасалған. Осы күні «оқимын, білім аламын» деген жастарға мүмкіншілік мол. «Қағаз кемірген» адамның далада қалмайтынын білемін. Сондықтан Ұлттық құрылтайда айтылған әр бастама, ұсынысты қолдаймын.

**Ләйла КУДРЕЕВА,**  
химия және химиялық технология факультеті деканының орынбасары

Түркістанда өткен құрылтай ұлттың болашағы мен мемлекеттің бірлігін ұлт зиялыларымен бірге кеңесіп, шынайы түрде бірлесе шешудің бағыты талқыланған басқосу болды. Тарихи мәлімет бойынша: «Құрылтай – түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі. Түркілерде, кейін Шыңғыс хан империясында құрылтай үлкен рөл атқарған. Онда, негізінен, ұлы хан сайлау, жауланған жерлерге иелік ету және әскери жорық бағытын белгілеу мен оған әскербасы тағайындау мәселелері шешілді. Ұлыстарда да жыл сайын Шыңғыс хан әулеті мен әскери-көшпелі ақсүйектердің құрылтайы шақырылды. 1259 жылы Мөңке ханның өлімінен кейін жалпы моңғолдық, яғни ұлы құрылтай шақырылмайтын болды.

## Тәрбие – тал бесіктен

XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде Қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін құрылтай шақырылған, мысалы: Қарақұмдағы халық құрылтайы, Ордабасы құрылтайы туралы деректер бар. Демек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдағы қордаланып қалған түйткілді, яғни халық бірлігі, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, салт-дәстүр т.б. мәселелерді жан-жақты қозғауы, талқыға салуы құптарлық іс. Құрылтай мүшелері бірнеше бағытта, атап айтқанда: «Қоғамдық консолидация», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» т.б. жұмыс секциясына бөлініп талқылап, толғақты мәселені шешу жолдарын ұсынды. Соны-

мен қатар Мемлекет басшысы бүкіл түркі дүниесіне танымал ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің және осында жерленген тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Бұл да қазақы дүниетанымды бүкіл халқымызға өнегелі тәрбиенің көрінісі ретінде көрсетті. Ұлттық құрылтайда мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова отбасылық тәрбиеге ерекше көңіл бөлу қажет екені жөнінде ұсыныс айтты. «Тәрбиесіз берілген білімнің көп жағдайда басты жарып, көзді шығаратынын көріп отырмыз. Сондықтан қоғам болып бұл іске тоқтау салуымыз қажет. Өске-лең ұрпақтың моральдық, мәдени және психологиялық ұстанымдарын қалыптастыратын институт – әрине, мектеп. Бірақ

отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін ешқашан естен шығармауымыз қажет. Себебі бір әкенің тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды. Ар, ұят, намыс, ізгілік пен мейірімділік, ұлттық мұраға деген құрмет – темірқазық ұстанымдар білімнің негізгі құндылығы болуы шарт. Қазір үкімет дайындап жатқан ұлттық тәрбие концепциясына осы ұстанымдарды ұлттық құндылық ретінде қалыптасыру қажет», – деді.

Демек, мемлекеттің болашағы білім алып жатқан жастарымыздың бойында ұлттық тәрбие мен ұлттық танымды қалыптастырудың маңызы зор деп білемін.

**Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,**  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, п.ғ.к.

## Елді өркендету бағыты айқындалды

17 маусымда «Әділетті Қазақстан. Адал азамат» деген тақырыпта Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтті. Бұл жаңа Қазақстанның тарихи жылнамасындағы ерекше бет десек, артық айтқандық емес.

Ұлттық құрылтайда ел мен жерді, жалпы қазақстандық қоғамды одан әрі дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Атап айтқанда: мемлекеттік рәміздерді жетілдіру, ұлттық тарихи санасын нығайту, мәдени мұраны жан-жақты насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ақпараттық

саясаттың тиімділігін арттыру және креативті индустрияны дамыту, мемлекеттік саясатты сапалы сараптама-талдау арқылы қамтамасыз ету, шекара маңындағы аудандарды өркендету, кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлау сияқты тың бастамалар көтерілді. Бұл дер

шағында көтерілген мәселелер. Талқыға түскен осы мәселелердің ұлт тағдыры, ұлт келешегіне тікелей қатысы бар. Сондықтан Мемлекет басшысының көтерген бастамасын бәріміз бір кісідей жұмыла қолдап, іске асыру тетігін қоғам болып қауымдаса шешкен жөн. Әр маман өзінің саласы арқылы үлес қосса, сөзсіз қыруар шаруа тындырылады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті Қазақстанды құру жолындағы өзекті түйткілдерді осы құрылтайда тағы бір еске

түсіріп өтті. Елдегі күрделі әлеуметтік проблемаларды шешу, мемлекеттік қолдауға аса мұқтаж азаматтарға көмек көрсету, өткен жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар, таяудағы Абай облысында бас көтерген табиғи апат назардан тыс қалған жоқ. Қоғам алдында елімізде жүріп жатқан саяси реформаларды, институционалдық өзгерістерді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық бастамаларды қолдап-қуаттау міндеті тұр.

Мемлекет басшысы өз сө-

зінде: «Уақыт талабы – біздің бірлігіміз бен тұрақтылығымызды, әділдік пен ынтымақтастықты, заң мен тәртіпті, сенім мен жауапкершілікті сақтау», – деді. Мұнымен біз, ЖОО оқытушылары, толық келісеміз. Сөз соңында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Алаш рухы мен Қазақ мемлекеті бір-бірінен ажырамайтынын, олар мәңгі бірге өмір сүретінін атап өтті. Шынында да, біз ұлтты жаңа сапаға көтеріп, әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық рөлімізді күшейтеміз.

**Әсел ӨСКЕЛЕҒОВА,**  
Э.ғ.д.

**Зәуреш АХМЕТОВА,**  
Э.ғ.к., доцент



Таяуда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебінің пікірталас клубы құрылған еді. Университет қабырғасында отандық экономиканың келелі мәселелері мен өзекті түйіндерін ортаға салатын, ой айтып, ұсыныс білдіретін клубтың мүшелері ұзақ жылдар бойы білім ордасында еңбек етіп келе жатқан мүйізі қарағайдай ғалымдар, оқытушылар мен түрлі деңгейде білім алушылар. Күні бүгінге дейін пікір сайыс клубының екі отырысы өтті. Осы екі басқосуда қандай мәселе көтерілді, қандай ой-толғамдар жасалды? Жалпы, пікір сайыс клубын құрудағы мақсат қандай? Осы және басқа да сауалдарға жауап алу ниетімен клуб жетекшісі, экономика ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сейсембай Кәрімұлын арнайы әңгімеге шақырған едік.

– Сейсембай Кәрімұлы, ойталқы клубын құрудағы басты мақсат не? Осы жөнінде кеңірек әңгімелеп берсеңіз.

– ӘЖБЖМ пікірталас клубын біз жоғарыға есеп беру үшін емес, қазіргі экономиканың өзекті мәселелері мен қоғамда орын алып отырған түрлі әлеуметтік түйткілдер негізінде еркін ойлы ғалымдардың пікір алмасатын ашық алаңына айналдыруды көздеп аштық. Пікірталас клубтарын әдетте зиялы қауым, сарапшылар мен нағыз зерттеушілер ашады. Біздің ұжымда осындай адамдар бар екеніне сенімдіміз және оларды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында қоғам алдына қойған зор міндеттерді шешуге, оған үн қатуға осы пікірталас клубының жұмысы арқылы белсене қатысуға жұмылдыруды ойладық.

Осы жолдауда Мемлекет басшысы елдегі реформалардың нақты бес бағдарын белгілегенін білеміз. Сөйтіп, оны «жаңа экономикалық саясат» деп атады. Президент бұл бағдар бойынша нақты тоғыз маңызды міндетті шешу керек екенін көрсетіп берді. Осылайша ғалымдарға, практиктерге және барлық мүдделі тұлғаларға алға қойылған міндеттердің тиімді шешімдерін табу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең өрісін қолдануға шақырған еді.

Осыған орай, қазір барлық беделді университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары экономиканың ең өзекті мәселелері талқыланып отырғандықтан пікірталас клубтарын ұйымдастыруда.

Біз өзіміз құрған пікірталас клубына университет ғалымдарымен бірге әзірше өзге жеті университет пен институттарда қызмет істейтін, өзінің ғылыми нәтижелерімен көзге түскен танымал зерттеушілерді тарттық. Біз бұл тәжірибені әрі қарай дамытып жалғастырамыз, соның ішінде алыс және жақын шетелдердің зерттеушілерін де клубқа тарту жолын қарастырамыз.

– Ойталқы клубында негізінен нақты қандай мәселелер талқыланады?

– Біздің клубымызда негізінен жаңа Қазақстанға тән экономиканы қалыптастырып, оны одан

әрі дамыту мәселелері жан-жақты әрі терең талқыланады. Бұған қоса, экономикамен тығыз байланысты әлеуметтік түйткілдерді әділетті шешу жолдарын іздестіру амалдары қарастырылады. Алдағы уақытта клубымыздың жұмысын әртарап тандыруды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, жетекші ғалымдар мен практиктерді дөңгелек үстелге шақырамыз. Онда балама көзқарасты білдіретін немесе бір-бірін толықтыратын екі баяндамашыны ұсыну тәсілін қарастырдық. Мәселен, қазан айындағы кеңесте екі баяндамашының тыңдап, талқылау сәтінде: оның бірі – инклюзивті экономикалық өсу проблемаларына, екіншісі – әлеуметтік теңсіздік

рып бойынша өте қызықты пікірталас болды. Бұл тақырып қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Клубқа жиналғандар өздерінің ғылыми көзқарастары, зерттеу нәтижелерін ортаға салып, бөлісуге ниетті екендерін айтты.

Одан кейін маусым айында Экономика және бизнес жоғары мектебі пікірталас клубының екінші отырысы өтті. Күн тәртібінде профессор А.Адамбекова «Экономиканы қаржыландыру: трендтер мен тәуекелдер» деген тақырыпта баяндама жасады. Басқосуда баяндамашы көпшілікті өз зерттеулерінің нәтижелерімен таныстырды. Атап айтқанда, төмендегідей мәселелер талқыға түсті:

**Сейсембай КӘРІМҰЛЫ, Экономика және бизнес жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.**

# Ойталқы клубына алыс және жақын шетел ғалымдарын да шақырамыз



мәселелеріне арналады. Сондай-ақ клуб отырыстарында еліміздегі жоғары білім сапасы сөзсіз талқыланады: ЖОО-да студенттер арасындағы білім культі (балға табыну емес) және оқытушылар арасында кәсіби шеберлік культі билік ету үшін не істеу керек деген толғақты мәселелер жөнінде ой қозғаймыз. Аса маңызды ұсыныстар мен көзқарастарды уақыт өте келе, қоғамдық талқыға салуды да ойластырамыз.

– Алғашқы клуб отырысында қандай толғақты түйін талқыға түсті?

– Клубымыздың бірінші отырысы 19 сәуірде өтті. Профессор Мағбат Спанов «Қазақстанға қайтадан қар барысы болу үшін стратегиялық серпіліс жасауға қандай реформалар қажет?» деген тақырыпта әріптестерін ойталқыға шақырды. Өздеріңізге белгілі, 2000-2007 жылдары Қазақстан экономикасы жоғары қарқынмен өсіп дамыды: осы кезеңдегі орташа жылдық өсім 10 пайызды құрады. Сол кезде қоғамда елімізді «қар барысы» деп атау жөнінде ұсыныстар айтылған еді. Алайда кейінгі жылдары орташа жылдық өсу қарқыны екі еседен астам көлемге күрт төмендеді. Ұсынылған тақы-

1. Қазақстандық компаниялар қаржыландыру механизмі арқылы қаражат тартудан гөрі банктік несие алуға мүдделі.

2. Соңғы жылдары еліміздің бюджеттік кеңістігінде кеңею тенденциялары байқалуда. Бұл өз кезегінде осы тенденциялардың нақты негізі туралы түрлі сауалдар туындатады. Неге?

3. Алғашқы қор нарығы нақты секторда нөлге жуық белсенділікті және микрокредиттік ұйымдар мен инвестициялық компаниялардың белгілі бір белсенділігін көрсетуді жалғастыруда.

4. Соңғы жеті жылда бюджеттің шикізаттық емес тапшылығы екі есе өсті.

5. Көптеген елдерде, әсіресе Еуропада бизнеске қарағанда халыққа берілетін несиелер көбірек. Корпоративтік портфельдің үстемдігі дүние елдерге немесе қаржы жүйесін құру жолына таяуда түскен елдерге көбірек тән.

6. Кейбір макроэкономикалық және қаржылық көрсеткіштер ағымдағы ақша-несие саясаты стратегиясының белгілі бір тиімділігін көрсетеді.

Автор баяндамасында ұлттық экономика өсуінің негізі ретінде кәсіпкерлік ортаның эмиссиялық



– Осы күнге дейін клубтың екі отырысын өткіздіңіздер. Қорытындысы туралы не айтасыз?

– Клубтың алғашқы екі отырысы мен оның нәтижелері әріптестеріміздің көпшілігі елімізде болып жатқан экономикалық процестерді сауатты сараптап, оларға баға беріп, жетілдіру бойынша орынды ұсыныстар жасай алатынымен көзге түсті. Бұл кездесулерде біз клуб жұмысы туралы ойларымызды апробациялау ретінде қарастырдық және біздің ойымызша, олар жақсы деңгейде өтті.

– Талқы нәтижелерін тиісті министрліктерге, үкімет пен парламентке жіберу ойларыңызда жоқ па?

– Әзірге біз тиісті министрліктерге, үкіметке талқыланып отырған тақырыптар бойынша өз тұжырымдарымызды, нақты ұсыныстарымызды жіберуді тоқтатып отырмыз. Өйткені материалдар біздің мұрағатымызда сақталады. Сондықтан ортаға түскен тақырыптарға, ондағы көтерілген мәселелерге егжей-тегжейлі талқылау үшін тағы бір рет оралуды жоспарлап отырмыз. Клуб отырысының материалдарын мұқият өңдегеннен кейін тиісті мемлекеттік органдарға ең маңызды нәтижелерді жеткізу үшін тиісті шаралар қабылданбақшы. Келесі клуб отырысынан бастап Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік мәселелерін талқылаудың егжей-тегжейі мен серпінді материалдар әлеуметтік желіде жарияланады. Сол кезде пікірталас клубының түсірілімін көргісі келетіндерге тиісті сілтеме береміз.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



«Qazaq universiteti» газетінің шығу тарихы бірнеше кезеңді қамтиды. Алғаш университет басылымын журналистика факультетінің ұстаздары қолжазба, қабырға газеті форматында шығарғанын ұстазымыз, профессор Әбілфайыз Ыдырысов студенттерге жиі айтатын. Газеттің уақыт өте келе мазмұны, қалыбы мен қарымы өзгерді. Әр жылдары газетті басқарған журналист, ұстаздар газеттің дамуына ерекше үлес қосты. «Qazaq universiteti» білім ордасының оқу, ғылым және әлеуметтік өміріне арналған корпоративті басылымы бола отырып, студенттердің журналистика мектебіне баулыған ұстаханасына айналды.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА, профессор

# Тәуелсіздік жылдарындағы «QAZAQ UNIVERSITETI»



раған профессор-ғалым, жану теориясы, нанотехнологиясының атасы атанған Зұлқайыр

Мансұров еді. Ол кісі химик болса да, жанына тарихшы, арабтанушы, абайтанушы бір топ жас ғалымдарды жинап алып, газетті қайта шығаруға мұрындық болды.

1994 жылы Мерзімді баспасөз кафедрасынан аспирантураға оқуға түскен жылы Зұлқайыр Мансұров «Qazaq universiteti» газетін қолға аласың ба?» деп ұсыныс айтқанда, мен небәрі 23 жаста едім. «Иә, қолымнан келгенше көмектесейін» деп уәде бердім. Сол уәдемнен ұстаз алдында әлі де тайған емеспін. Бұл да мен үшін ғылымдағы үлкен мектеп.

Басылым А4 форматта 8 бет, 12 бет болып шыға бастады. Әр нөмірінде университеттегі жаңалықтармен қатар, танымал ғалымдармен сұхбат, ең жас сту-

денттер туралы деректер жариялай бастадық. Газет тарихында алғаш рет компьютерлік түптеуді ұйымдастырдық. Кампус-тағы студенттер өміріне арналған фотоколлаждар енді газеттің басты визуалды құралына айнала бастады.

Мәселен, 1995 жылы мамырдағы саны Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арналды. 1941 жылы ҚазҰУ-дан соғысқа аттанған ұстаздар туралы фотоларды мұрағаттан жинап, тұтас коллаж жасап шығардық. Газеттің атаулы нөмірін ардагерлерге арналған салтанатты жиында тараттық.

Университеттің даму жылдарымен тәуелсіздік жылдарымен үйлестіріп, жариялап отырдық. Өзіміз де қазақ ғалымдарымен, зиялыларымен етене таныстық. Мақалаларын редакциялап, баспаға дайындадық.

Абайдың 150 жылдығына арнайы нөмір шығардық. Академик Зейнолла Қабдолов өзі бастап сұхбат берді.

1995 жылдары Қазақстан мен Түркия арасындағы халықаралық ынтымақтастық дами бастады. Сондай жауапты кезеңде түркі өркениетіне арналған ғылыми конференциялар мен шараларды ұйымдастырып, үйлестіріп, жариялап отырдық. Өзіміз де қазақ ғалымдарымен, зиялыларымен етене таныстық. Мақалаларын редакциялап, баспаға дайындадық.

«Qazaq universiteti» газеті тәуелсіздік алған жылдардан кейін қарқынды дамып, баспасөз бен оқу-білімнің шырағы ретінде жаңа белеске қадам басқан болатын.

«Qazaq universiteti» газеті 1986 жылы Желтоқсан оқиғасынан соң жарық көрмей, арада сегіз жыл үзіліс болды. Сол кезде басылымның тағдырына үлкен қамқорлық, жанашырлықпен қа-

Теория мен тәжірибенің үйлесімділігін жүзеге асыру үшін таяуда «Табиғи техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 1-курс студенттерімен бірге Медеу шатқалынан Шымбұлақ таулы курортына дейін жаяу жүріп, геоморфология пәні бойынша беткейлік процестердің қалыптасуы, тау түзілу процесі, өзен арнасының қалыптасуы, мореналық көлдер және таулы аймақта болатын түрлі табиғи апаттардың пайда болу себептері туралы алғаш теориялық білімді іс жүзінде шыңдап қайттық.

Әрине, табиғи апаттар барлық уақытта болған, алайда дәл қазір олардың тым көбейіп кеткені байқалады. Оған дәлел – былтыр елімізде болған қуаңшылық, бірнеше елді мекендерде көктемде болған сел, қатты дауылдардың салдарынан болатын шығындар, жер сілкінісі, қар көшкіні, бүгінгі таңда өте өзекті және үлкен аумақты қамтыған Семей орманындағы өртті айтсақ та жеткілікті. Табиғи және техногендік апаттардың көптеген түрлерін айтуға болар еді. Дейтұрғанмен қандай да болсын үлкен апатты жағдайлардың шығу себептерін қарастырған кезде көп жағдайда сол ұжымның техникамен толық жабдықталмағаны, әсіресе салалық жұмыс атқаратын кәсіби білікті мамандардың тапшылығы туралы ашық шындық айтылып жатады.

Міне, осы мәселе бойынша төтенше жағдай саласындағы білімді насихаттаудың міндеттеріне: халыққа табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдан қорғау әдістері мен құралдарын түсіндіру және төтенше жағдайдан хабардар ету, білімді насихаттау, халықты және

## Табиғатқа шығып, тәжірибемізді шыңдадық



мамандарды оқытып-үйрету қызметтері кіреді.

Олай болса, табиғи және табиғи-техногендік құбылыстар мен процестерді талдау және бағалау үшін ғылыми ақпаратты пайдалануға, туындайтын табиғи қатерлердің мәнін анықтауға, инновациялық әдістер мен технологиялар негізінде олардың даму динамикасын болжауға және модельдеуге қабілетті география ғылымы саласында білікті мамандарды даярлау мақсатында география және табиғатты пайдалану факультетінде «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығы бойынша 2019 жылы бакалавриат мамандығы ашылған болатын. Қазір осы мамандық бойынша магистратураны аяқтаған білім

алушылар өз мамандығы бойынша қызмет атқаруда.

Аталған мамандықты бітіріп шыққан студенттер көптеген маңызды ақпараттарды меңгеріп шығады:

– табиғи процестер мен құбылыстардың дамуындағы климаттық, топырақ-гидрологиялық және биологиялық факторлардың рөлін, сонымен қатар олардың табиғи кешендегі байланысын анықтау үшін жердің географиялық қабығы туралы теориялық білімге ие болу;

– аймақтық әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде табиғатты ұтымды пайдалануды экологиялық бағалау және табиғатты қорғаудың кешенді схемасын жасау үшін география ғылымы салаларының табиғи

ресурстарды пайдаланудағы рөлін анықтау;

– геожүйелерді модельдеу кезінде қашықтықтан зондтау және ГАЗ технологиясын пайдалана отырып, табиғат құбылыстарының дамуын бақылау;

– зерттеудің инновациялық әдістерін пайдаланып, экологиялық қауіп пен зардаптарды бағалау үшін қауіпті табиғи және техногендік құбылыстар мен процестерден қоршаған ортаны қорғау шараларын әзірлеу;

– қатерлер мен геозологиялық проблемаларды азайту бойынша басқару шешімдерін қабылдау үшін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін, сондай-ақ қолайсыз табиғи техногендік процестер мен құбылыстарды экологиялық бағалау.

Аталған мамандықты меңгерген азамат елімізде болып жатқан әртүрлі табиғи және техногендік апаттардың аясында, яғни оларды болжау, алдын алу және сол процестердің пайда болу мәселелерін анықтап, талдау жасай алатын сапалы маман болып шығады. Олар маман ретінде болашақта ҚР Ішкі істер министрлігі жанындағы Төтенше жағдай комитетінде, аудандық және облыстық төтенше жағдай департаменттерінде, төтенше және апатты жағдайлардың қауіпін төмендету орталығында, «Қазселқорғау», Сейсмология институтында, География институтында (лабораториялар: гляциология, табиғи қауіп-қатерлер, геоморфология және геоақпараттық картографиялау), Қ.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтында, Ахмедсафин атындағы Гидрология және геозология институтында, облыстық жер ресурстары комитеттерінде, Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығында қызмет ете алады.

Теория мен тәжірибенің ұштасқандағы маңызы жер бедер пішіндерінің қалыптасу жағдайымен танысу, жер бедерін гипсометриялық биіктігі бойынша жіктеп үйрену және бедер түзуші үдерістерді талдау мен даму олардың қалыптасуының даму кезеңдері туралы студенттердің алған білімін бекіту болатын. Осы мақсатта біз өз мамандығымыз – «Геоморфология» пәні бойынша алған білімімізді нығайтып, тәжірибенің мақсатын толығымен орындадық деп айта аламыз. Осындай білікті мамандар болашақта табиғи және техногендік апаттарды болдырмауға ықпал етеді.

Әсима КӨШІМ,  
профессор

Ақтоты БЕКЖАНОВА,  
Картография және  
геоинформатика  
кафедрасының оқытушысы



# Арманым – ҚазҰУ

Айсұлу Каимбекова – Алматы қаласындағы №15 гимназияның түлегі. Республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Айсұлу Сабыржанқызының таңдауы ҚазҰУ-ға түсіпті. Оның себебін біз Айсұлудан сұрадық.

– ҚазҰУ-ға грантқа түсу – әр түлектің арманы. Көшбасшы университетті неге таңдадың?

– Өзіндік тарихымен ерекшеленетін ҚазҰУ мені үлкен мүмкіндіктерімен қызықтырды. Мұнда оқуға түсуге талпынысымның жүзден бір себебі – академиялық ұтқырлық бағдарламасының қолжетімділігі. Менің таңдап отырған мамандығым үшін бұл өте маңызды. Ірі кітап қоры бар Әл-Фараби кітапханасы жайлы айтпасқа болмас. Заманауи құрал-жабдықтырымен ерекшеленетін кітапханада, менің естуімше, түрлі көрме, жиындар мен басқосулар жиі өткізіліп тұрады. Оқу ордасының осындай артықшылығы менің қызығушылығымның артуына түрткі болды. Бұл университет студенттерінің жан-жақты дамуына мол мүмкіндік жасайтыны да ықпал етті.

– Кино медиа мамандығына деген құлшынысың, қызығушылығың неден бастау алды?

– Менің ойымша, киноиндустрия әдетте мемлекет пен халықтың айнасы болып саналады. Біз фильм көру арқылы өзге мәдениетпен, дәстүрмен танысамыз. Мені осы қызықтырды. Ұлттық нақыштағы, әлемдік деңгейдегі тарихи фильм түсіруге талпынғым келеді. Осылайша отандық кино саласын дамытуға өз үлесімді қосқым келеді.



– Хоббиің қандай және ең сүйікті кітабыңды атай аласың ба?

– Мен кітап оқығанды өте жақсы көремін. Кітап оқу арқылы рухани байып, өзге әлемге енгендей сезімде боламын. Соңғы жылдары детектив пен классика жанрларында жазылған кітаптарды оқығанды ұнатып жүрмін. Ерекше көзге түскен авторлардың бірі – ағылшын жазушысы Агата Кристи. Туындылары бірінен-бірі өткен, ал олардың ішіндегі ең мықтысы – «Роджер Экройдтың өлімі» атты кітабы.

Сурет – үнсіздік, үнсіздік – күш. Әсемдікке әуес, сұлулыққа құмар көптің бірі мен едім. Әйтсе де дәп мұны ескермегем, өнер туындысы құры таңданыс емес. Оның түп астары, тілі, мәні, жаны бар «дүние». Оны ұғыуың, нәзік сезінуің нем терең үңілуің керек.

## Ғаламат күші

Әзір мұндай биіктік, асқақ рух аздау, тұңғыш кереметтерінен гөрі тұнық су бетін қызықтаппын-аудеп отырмын. Жә, енді Винсент ағай жайына назар қойсақ қалай болады? Бұ кісің құлыптың нақ өзі, бұйығы да ғажап, тым ғаділ, содан ба екен, әйтеуір, тағдыры да ауыр. Мың да сегіз жүз сексен тоғызыңның мамыры, Подем Гоген мен Винсент Ван Гог шеберханаға қатысты жоспар құруда. Бірер уақ өткесін екеуі әлденеге келіспей, кикілжің туындай ма, рас, өтірігін қайдам, біз білер дерек бойынша, Ван Гог ұстара ұстай, Подемге тарпа бас салады. Ол дәнеңе емес, осынау қырқыстан соң түн ортасында өз құлағын өзі кескенін қайтесіз, оның ақыры немен тынбақ? Суретшіміз жындыханаға тоғытылмақ, ай кейін «Жұлдызды түн» дүние дидарын құша, Винсенттің ішкі күйін танытқандай-тын. Экспозиция бүтіндей шынайы кеңістіктен көшірілмей, қиял сарайынан ерен элементтер ендіру арқылы тұтас картинаға ұласқан-ды. Меніңше, Ван Гог



бүкіл болмысымен азаттанды аңсағандай, жан саялар пана іздеген сыңайлы. Көкшілден алқара көкке ауысар бояу реңі, қауын тілігіндей сарғыл Ай, маңайын көмкерген сан жұлдыз, міне, нағыз Винсент. Ол мұның жан әлемі, тек біз түсінбедік, сәл тырыссақ етті, дегенмен де шын талантты түсіну қашанда қиын.

Ендігі кезекте шебер портретист Валентин Серовқа көшелік. «Шабдалы ұстаған қыз» туындысына көңіл қоялық, автор не айтқысы келді? Мамонтов әулетімен әу баста-ақ етене араласқан Серов сонда жиі қонақтай-

тын. Күндердің күні отбасы мүшелері түстеніп біткен соң, бәрі сыртқа беттемек, Вера мен Валентин ғана оңаша қалмақ, екеуі де бір-біріне бауырдай еді. Вера әлденені асқан энтузиазммен баяндау барысында суретші қыздың уыз нем пәк қалпын сақтағысы келгендей он сеанс бойы қозғалмай, портрет кейіпкері болуды өтінеді. Кейін өзі де картина хақында бүй дейді: «Менің бас мұратым – тек натурадан сезілер балғындық, сол бір ерек балғындыққа қол жеткізу-тін. Айға жуық уақыт өтті, байғұс қызды әбден қинап жібердім, ал мен живописьтің уыз күйін жоғалтпай, туындының аяқталуын өлердей қалап едім».

Жастық, жоқ, тіпті балалық тәтті-ау, шекерден де тәтті, мөлт еткен тамшыдай тазалықпен ақ, адал, қымбат, бұл суреттен дара жанды мойындай отырып, мен осыны көрдім.

**Аружан АҒЫБАЕВА,**  
журналистика  
факультетінің  
2-курс студенті

Жансая БЕРІҚАЛИЕВА:

## Оқу процесі мен үшін қызық

Әрбір сәтін бағалап, өмірін барынша мәнді әрі қызыққа толы өткізетін, оқуда озат, биология және биотехнология факультетінің 3-курс студенті Жансая Беріқалиевамен сұхбаттастық. Қазір ол АҚШ-тың Огайо штатында тұрады.

– Мамандығыңды ұнатасың ба? «Мамандық таңдауда қателеспеу керек» деген түсінік бар ғой.

– Өзімнің бұл мамандыққа деген ерекше қызығушылығым барын жасырмаймын. Бала кезімнен биологияға, медицинаға

ынтық болған соң, оқу процесі мен үшін қызық. Мамандық таңдауда қателестім бе, жоқ па, оны айта алмаймын. Өйткені өмірім алда және алдымда көптеген таңдау болатынына сенемін.

– Мамандығыңның қоғамға пайдасы жайлы айтсаң.

Университеттің білім сапасы көңіліңнен шыға ма?

– Менің мамандығым – биомедицина. Бұл биология ғылымы мен медицинаның тоғысқан жері деп санаймын. Биомедицина ғалымдары адам денесін теориялық тұрғыда қарастырып, пайда болатын патологиялар мен олардың емдеу жолдарын іздестіреді.

Университеттегі білім сапасын жоғары деп санаймын. Барлық материалдар мен лаборато-

риялық жұмыстарға қажетті көрнекіліктермен жабдықталған. Оқытушылар да сабақ беретін пәндерін жетік меңгерген, студенттермен жұмыс істеуде тәжірибелері мол.

– Алдағы жоспарларыңмен бөліссең.


– Менің бакалавриатты бітіруіме бір жыл қалғанымен, болашақта мамандығым бойынша жұмыс істейтініме сенімді емеспін. Қазіргі таңда оқудан бөлек, гүл сату салонында флорист бо-



лып жұмыс істеймін. Түрлі гүлдерді бір-бірімен үйлестіріп, барлық шығармашылық қабілетімді дамытуға мүмкіндік бар. Жалпы, мен өзімді шығармашылық адамы деп есептеймін. Сондықтан осы жұмысыма байланысты болашақта біраз жоспарым бар.

– Шетелге саяхаттау идеясы қалай келді? Қазір әлемнің қай қиырында жүрсің?

– Шынымды айтсам, шетелге саяхаттау идеясы аяқастынан келген болатын. Қазір шетелге шығуға көмек беретін көптеген бағдарламалар бар. Солардың бірі – Work and Travel бағдарламасы мені де қызықтырды. Осы күні АҚШ-тың Огайо штатында тұрып, жұмыс істеп жүрмін. Бұл уақыт мен үшін керемет естеліктерге толы ұмытылмас кезең болғалы тұр.





# Стажировка в главном вузе страны



Практика одна из важнейших составляющих в учёбе студента. Благодаря ей мы получаем знания и опыт не только теоретически, но и видим в живую, как работают профессионалы. Перенимаем их навыки.

Практика на кафедре журналистики началась 29 мая. С 1 по 7 июня я проходил её в городе Алматы в КазНУ имени Аль-Фараби. Это было моё второе посещение данного города. Когда я прилетел туда ещё в прошлом году на семинар Международного фонда защиты свободы «Әділ сөз» решил, что в ближайшем будущем я вернусь сюда и останусь подольше, и этот момент наступил.

Я был закреплён к пресс-службе университета как фотожурналист. Первый день был больше ознакомительным – для меня провели экскурсию по телестудии, показали, как и где работают над газетой «Qazaq universiteti». Я сам принимал участие в написании статей для юбилейного выпуска газеты. Познакомился с работниками пресс-службы, настоящими профессионалами своего дела.

На практику я приехал со своим фотоаппаратом, но мне разрешили брать их оборудование, чему я был приятно удивлён, так как оно стоит недёшево. Моим первым заданием было сделать летний этюд университета. Это заняло несколько часов, потому как площадь кампуса действительно большая. Мне очень понравилось то, что территория университета утопает в зелени, с ней снимки получились ещё более красочными.

На следующий день мы отправились на открытие мемориальной доски в честь заслуженного деятеля науки Казахстана, доктора экономических наук, профессора, академика НАН Копжасара Нармбаева, где он проживал. Это был мой первый официальный выезд в виде фотокорреспондента. Именно с таких практик студент получает цен-

ный для себя опыт. И я не исключение. Пытался повторять манеру съёмки профессионалов и привносить, что-то своё для отличия.

После этого мы отправились обратно в университет на торжественное собрание «Писатель, деятель, политик», посвященное 75-летию государственного и общественного деятеля, академика Национальной академии наук, заслуженного деятеля Казахстана, писателя-журналиста Уалихана Калижана.

Тут присутствовало больше пространства для творчества, и я уже чувствовал себя более раскрепощённым. К тому же, у меня был опыт съёмки такого рода мероприятий, организованных в нашем университете. Я уже мало обращал внимание на присутствие других фотографов и старался делать свою работу по знаниям, которые приобрёл за 3 года обучения. За всё время, что длилось собрание я сделал больше 100 фотографий, из которых мы выбрали лучшие, потом я должен был отредактировать их. После тщательной работы над ними, я показал полученный результат режиссёру, который оценил их положительно. Это дало мне стимула работать дальше.

Когда не было мероприятий я занимался обработкой фотографий, делал снимки города и получал ценные замечания. Сидеть без дела было непозволительно, я приехал сюда улучшить свои навыки.

Эти фотографии были сделаны с парка «Коктобе». Я очень рад, что посетил данное место, ведь отсюда открывался прекрасный вид на город.

Последним моим заданием стал выезд на ярмарку вакансий Career Day в рамках проекта городского

центра карьеры, организованного Управлением молодежной политики города Алматы. Для меня это были новые впечатления. Ярмарка проходила на Арбате с большим количеством людей. Кадры получались самые разные и интересные. Мне показывали, что и как нужно снимать, в каких настройках. Желательно было брать общий план выставки. Большинство фотографий, которые я сделал были одобрены редакцией сайта университета КазНУ и опубликованы в статье «КазНУ принял участие в ярмарке вакансий».

К сожалению, время в Алматы пролетело быстро, я бы хотел остаться там подольше. Но, всё же, за 5 дней практики я успел получить много новых наставлений, которые безусловно помогут мне в дальнейшей работе. Стал лучше обрабатывать фотографии в других программах. Научился работать с более профессиональным оборудованием для съёмки, разобрался в настройках фотоаппарата, полученного на время практики. Считаю, если у студента есть возможность отправиться на практику в другой город, то он должен этим воспользоваться. Помимо новых ощущений и опыта это поднимает его квалификацию.

Отдельная благодарность моему куратору М.Т.Мукашевой за предоставленную возможность поездки в Алматы, а также пресс-службе за тёплый приём и помощь в учёбе!

**Георгий ШАПОШНИКОВ,**  
студент 3-курса  
кафедры журналистики  
Атырауского  
университета  
им. Х.Досмухамедова



## Кәсіподақ сөмке сыйлады

Бұл игі дәстүр университетте жеті жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл 1-сыныпқа баратын болашақ 210 оқушы портфель, дәптер, қарындаш, акварель, сурет дәптерлерін алды. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке апарар жол» республикалық қайырымдылық акциясы басталды. ҚазҰУ басшылығы мен «Парасат» кәсіподақ ұйымы Қазақстан Республикасының

Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасын ескере отырып, бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, тұрақты түрде өткізуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау өте маңызды екенін үнемі айтып келеді.

ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев ата-анасы

университетте жұмыс істейтін болашақ 1-сынып оқушыларына портфельдерді тапсыру салтанаты корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі болуға тиіс екенін атап өтті. ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымы ЖОО әкімшілігінің қолдауымен өткен акция әлеуметтік әріптестіктің іс жүзіндегі айқын көрінісі екенін көрсетті.

Гүл БАЯНДИНА





# Al-Farabi Business School түлектері MBA дәрежесін алды



Al-Farabi Business School-да «Іскерлік әкімшілендіру (MBA)» бағдарламасының түлектеріне салтанатты түрде диплом табыстау рәсімі өтті. Түлектердің басым бөлігі бизнес иелері, сондай-ақ түрлі компаниялардың орта және Қазақстанның 12-ден астам өңірінің түрлі ұйымдары.

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева және Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева түлектерді бағдарламаны сәтті аяқтауларымен және MBA дәрежесін алуларымен құттықтап, сәттілік және табыс тіледі. Өз кезегінде түлектер

MBA бағдарламасы тек білім беру жобасы ғана емес, бизнес пен тұлғалық даму үшін бірегей инвестиция екенін атап өтті. Олар бағдарлама оқытушылары мен ұйымдастырушыларына бірегей білім алуға және кәсіби өсудің жаңа сатысына көтерілуге мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

**Еңлік АҚЖІГІТ**



ҚазҰУ кампусында қабылдау комиссиясының қызметі мен талапкерлерге арналған ақпараттарды бөлісу мақсатында шатырлы қалашық бой көтерді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясының жұмысы қызу жалғасуда. 1 маусымда электрондық кезек іске қосылып, техникалық хатшылардың жұмысы, сонымен қатар оқыту-үйрету семинарлары ұйымдастырылды. Әр факультеттен кәсіби бағдар беру жұмысында тәжірибесі бар мықты оқытушылар командаға тартылды.

1 шілдеде қабылдау комиссиясы «жаңаша кемпингті» іске қосты. 16 шатырда факультеттердің білім беру бағдарламалары таныстырылып, толық ақпарат беріледі. Гранттар байқауы кезеңінде оқытушылар қатарына ерікті студенттер мен жұмыс берушілер де қосылады деп сенеміз. Негізгі міндет – еліміздің жетекші университетінің шығармашылық кампусының атмосферасын құру.



Биыл қабылдау комиссиясы докторантураға түсуге дайындықтың қарқынды курстарын бастады. Сонымен, тест тапсыруға дайындалу үшін қазақ және ағылшын тілдерінің курстары, докторантураға түсу үшін құжаттардың толық пакеті дайындалды.

Сонымен қатар шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды (IELTS, TOEFL IBT, GRE) тексеру осы дерекқорларға қол жеткізудің арқасында оны 15 минут ішінде жүзеге асырады.



Қабылдау комиссиясы бір айдағы жұмыс барысында факультеттермен бірге «Almaty – Career Day» жеті бос жұмыс орны жәрмеңкесіне және қалалық әкімдік ұйымдастырған кәсіптік «Career Time» бағдар беру фестиваліне қатысты. Онда

кәсіптік бағдар беру жұмыстары факультеттермен бірге Алматы қаласының барлық аудандарында ұйымдастырылды.

**Наталья ЕМ,**  
шығыстану факультетінің деканы,  
қабылдау комиссиясының төрайымы

## Шатырлы қалашық бой көтерді

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фотогилші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30,  
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.  
• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**  
• Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.